

Таким образом, действующая система гражданско-правовой защиты прав пациентов в Республике Казахстан, не смотря на внедрение обязательного страхования профессиональной ответственности медицинских работников, по-прежнему не обеспечивает полноценного и оперативного возмещения вреда. Поэтому видится необходимым ее дальнейшее совершенствование, в том числе с учетом обозначенной нами проблемы. Такой подход создаст дополнительные гарантии гражданам в условиях осуществления нашим государством своей социальной функции.

Литература:

- 1.Глава государства К.-Ж. К. Токаев выступил на церемонии награждения медицинских работников//Официальный сайт Президента Республики Казахстан <https://www.akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-kasym-zhomart-tokaev-vystupil-na-ceremonii-nagrazhdeniya-medicinskih-rabotnikov-1355628>
- 2.Баимбетов Н.С. Гражданско-правовые механизмы защиты прав пациентов в медицинской сфере // Bulletin of Law KazNU. – 2025. – № 2. – С. 57-63.: https://q-university.kz/wp-content/uploads/2025/04/httpbulletin-law.kaznu_.kzindex.phpjournaljournalarticleview2112.pdf
- 3.Прудникова М.Ю. Медицинская услуга как гражданско-правовая категория // Вестник Карагандинского университета. Серия «Право». – 2023. – № 2(110). – С. 107-113.
- 4.Качество медицинских услуг: что казахстанские пациенты жаловались // Tengrinews.kz. <https://tengrinews.kz/tengri-health/kachestvo-meduslug-cto-kazahstanskije-patsientyi-jalovalis-591029/>
- 5.Сотни клиник и процедурных кабинетов закрыли в Казахстане // Tengrinews.kz <https://tengrinews.kz/tengri-health/litsenziy-proverok-kazahstane-zakryili-sotni-medkabinetov-591811/>
- 6.Медицинские споры в Казахстане в 2025 году: новые правила и ответственность // Yur.kz: <https://yur.kz/articles/medicinski-spory-v-kazahstane-v-2025-godu-novye-pravila-i-otvetstvennost>
- 7.Приказ Министра здравоохранения Республики Казахстан «Об утверждении Правил страхования профессиональной ответственности медицинских работников» от 24 июля 2024 г. № 58. № 34803, зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 24.07.2024 г. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2400034803>
- 8.Why the Birth-Injury Program / Virginia Birth-Related Neurological Injury Compensation Program. URL: <https://www.vabirthinjury.com/why-the-birth-injury-program>
- 9.Судебная ответственность за врачебные ошибки в Казахстане // Femida-justice.com. –<https://femida-justice.com/poleznaya-informacziya/sudebnaya-otvetstvennost-za-vrachebnyie-oshibki-v-kazahstane/>

Серік А.Н., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, заң факультеті, Ю-24-1 топ, студент
(*Ғылыми жетекші — PhD, ассистент профессор К.Т.Байжанова*)

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЕКТТІ ЖОО ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ғаламдық деңгейде мемлекеттер, инновациялық даму моделіне қарамастан, инновацияларды дамытудың бастамашысы және негізгі катализаторы ролін атқаруда және Қазақстан да осы үрдісті таниды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы Қазақстан халқына Жолдауының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» тақырыбына арналуы осыны дәлелдейді. Жасанды интеллектінің жоғары деңгейде дамуы еліміздің алпауыт мемлекеттерден қалыспай, «үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық елге» айналу қажеттілігін негіздеген стратегиялық мақсатты жүзеге асырудың мән-мағынасының аса зор екендігін көрсетеді [1].

Аталған бастама қоғамның бірқатар қажеттіліктерін қанағаттандырып отырғанымен, жасанды интеллекттің әсері жөнінде пікір қайшылықтарын да тудыруда. Қазіргі таңда жасанды интеллект тек экономикалық немесе өндірістік құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды факторы ретінде қарастырылуда. Әсіресе, жоғары оқу орындарында жасанды интеллект технологияларының кеңінен қолданылуы оқыту әдістеріне, оқу мазмұнына және білім нәтижелеріне айтарлықтай ықпал етуде. Студенттер оқу тапсырмаларын орындау барысында ақпаратты іздеу, мәтіндерді өңдеу және күрделі мәселелерді шешу кезінде жасанды интеллект мүмкіндіктеріне жиі жүгінеді.

Қазіргі жоғары оқу орындарында жасанды интеллектті қолдануды реттейтін нақты нормативтік талаптар мен шектеулердің болмауы студенттердің оқу мүмкіндіктеріндегі теңсіздікке әкеліп, білім беру кеңістігінде ғылыми және этикалық мәдениеттің жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын айқындайды.

Осы мәселелерді жан-жақты әрі объективті қырынан түсіну үшін жасанды интеллект ұғымының мәнін, ерекшеліктерін және қолдану бағыттарын қарастыру қажет. Жасанды интеллект (ЖИ) – бұл адам ақыл-ойын қажет ететін тапсырмаларды орындауға арналған жүйелер мен бағдарламаларды жасауға бағытталған компьютерлік ғылымдар саласы. Жүйелер деректерді талдап, ақпаратты өңдей алады. Осылайша, машиналар жаңа ақпаратқа бейімделуге және зияткерлік қабілеттерді талап ететін тапсырмаларды орындауға мүмкіндік алады [2]. Жасанды интеллект тек болашақ технологиясы емес, бүгінгі заманның қалыптастырып жатқан, өмір сапасын жеңілдетуге бағытталған жаңа технологиясы.

ЖИ технологияларын енгізуде қиындықтар мен сын-пікірлер де кездеседі. Кейбір зерттеушілер ЖИ-дің білім ізденушілердің ойлау қабілетін төмендетіп жіберуінен қауіптенеді. Яғни, студент өзі ізденбей, дайын

жауапты ЖИ арқылы алуға бейімделіп кетуі мүмкін. Бұл – шынайы мәселе. Алайда, егер ЖИ құралдары дұрыс педагогикалық тәсілдермен, мақсатты түрде қолданылса, олар оқушылардың ойлау әрекетін әлсіретпейді, керісінше, дамыта түседі. Білім беруші – ЖИ технологиясының басты модераторы ретінде оны студенттің дамуы үшін тиімді бағытта пайдалануы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллект оқытушының орнын алмастырмайды, керісінше, оқу үдерісін қолдайтын және толықтыратын тиімді көмекші құрал ретінде роль атқарады [3].

Осыған байланысты жасанды интеллекттің білім беру жүйесіндегі ролін тек техникалық көмекші құрал ретінде ғана емес, студенттің танымдық және ойлау қабілетіне ықпал ететін фактор ретінде қарастыру қажет. Жасанды интеллектті мақсатты әрі жауапты түрде пайдалану оқу процесінің тиімділігін арттырса, оны бақылаусыз қолдану студенттердің дербес ойлау және сыни талдау дағдыларының әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан, жоғары оқу орындарында жасанды интеллектті қолданудың педагогикалық және этикалық негіздерін айқындау маңызды мәселе болып табылады.

Жасанды интеллект білім секторын тез өзгертіп, студенттердің үлгеріміне әсер етті. Чатботтар және ChatGPT сияқты үлкен тілдік модельдер генеративті жасанды интеллектке негізделген технологиялардың дамуы жекелендірілген және қызықты бағдарламаларды ұсыну білім беру ортасын толығымен өзгертті. Аталған мүмкіндіктермен байланысты жасанды интеллекті кеңінен қолдану академиялық адалдық мәселесін алдыға тартады. Көбінесе, ChatGPT шектен тыс пайдалану студенттердің жауапкершілігін төмендетеді.

Академиялық адалдық – білім беру жүйесінің негізі қағидаты. Академиялық адалдық ұғымы білім алушының оқу тапсырмаларын орындау барысында дербес еңбекті қамтамасыз етуін, өзгенің интеллектуалдық еңбегін құрметтеуін және алынған нәтижелер үшін жеке жауапкершілік алуын білдіреді. Қалыпты ойлау жүйесінде академиялық адалдық - плагиатқа жол бермеу. Дереккөздерді дұрыс әрі нақты көрсету, емтихан мен бақылауды әділ орындау сияқты талаптарды қамтиды. Осының негізінде әр студентте өзіне тән интеллектуалдық ойлау қабілеті сыни тұрғыда және ғылым жағында қалыптасады.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті академиялық саясаты ережелері бойынша университеттің академиялық саясаты білім беру қызметінің жоғарғы стандарттарын қолдау, рухани құндылықтарды сақтауға, білімге қолжетімділікті қамтамасыз етуге, білім беру тәжірибесіне және зерттеу бағдарламалары негізінде кадрлар дайындауға инновациялық әдістерді енгізу мақсатын көздейді. Бұл мақсатты іске асыру тиісінше деңгейдегі міндеттер қатарын құрайды. Соның ішінде, дайындықтың барлық деңгейінде бәсекеге қабілетті тандаулы, инновациялық бағдарламаларды дайындау және іске асыру, сондай-ақ студентке бағдарланған білім беру мен оқытуға жағдай жасалған. Оқу үрдісінде «Оқу, ғылыми, дипломдық жұмыстарға, магистрлік және докторлық диссертацияларға плагиаттың болуы тұрғысынан тексеру жүргізу» регламенті қабылданған [4]. Университеттік деңгейдегі құжат оқу үрдісінде, ғылыми-зерттеу жұмыстарында, тиісті деңгейді бітіру барысында орындалатын жұмыстарды дайындау және қорғау кезеңінде еңбек авторларының заңды сілтемелер жасау, өзіндік ойлау қабілетін көрсету және талдау жұмыстарының тиісінше бекітілуін қарауға бағытталған. Осыған сәйкес, университет аталған ғылыми зерттеу жұмыстарын тексеруге арналған автоматтандырылған бағдарламаны жыл сайын жаңартып отырады. Жүйе авторлардың немесе мәтіндік құжаттарды тексеруге жауапты тұлғалардың жалпыға бірдей қолжетімді желілік көздерден және баспа басылымдардан пайдалануларының заңды болуын тексеруге мүмкіндік береді. Антиплагиаттан өткізу жеке және заңды тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарын сақтауға, жарияланымдардың және ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапалық көрсеткіштерін арттыруға бағытталады. Академиялық адалдық қағидаларына сәйкес ұсынылатын немесе орындалатын жұмыстар басым түрде еңбек авторының жеке көзқарастарын, өзіндік ой-толғауларын көрсетуі қажет. Әрине, белгілі бір танымал тұжырымдар немесе ерекше көзқарастар, статистикалық мәліметтер, заң нормаларына талдау жасау барысында тиісінше дерек көздерге қайырылу қажеттілігі туындауы түсінікті. Бұндай жағдайларда қолданылған дереккөздерге міндетті түрде сілтеме жасау қажеттілігі бар. Бұл білім беру процесінің барлық қатысушыларына міндеттелетін негізгі тұжырым. Сондықтан, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде антиплагиатқа жоғары деңгейде назар аударылады. Жазбаша жұмыстардың әртүрлі деңгейлеріне қажетті талаптар жоғарыда көрсетілген регламентте анықталып бекітілген. Дегенмен, аталмыш регламенттің 4.1 тармақшасына жасанды интеллектті қолдануға байланысты мүмкін болатын шектерді толық анықтап, мынандай мәтіндегі өзгерістерді бекіту ұсынылады.

«4.1 Жалпыға қол жетімді көздерден алынған пайдаланудың болуына жазбаша жұмыстарды алдын ала тексеру бағдарламаның көмегімен жүзеге асырылады және жазбаша жұмыстардың әрбір түрі үшін осы Регламенттегі критерийлерге сәйкес келетін түпнұсқалықтың талап етілетін деңгейі (пайызы) белгіленеді:

1) бакалавриаттағы дипломдық жұмыстар (жобалар) – кемінде 60%; гуманитарлық мамандықтар үшін – кемінде 55%, соның ішінде жасанды интеллект үшін – 15%;

2) оқу-әдістемелік басылымдар (оқулықтар, оқу және оқу-әдістемелік құралдар және т.б.) – кемінде 60%, соның ішінде жасанды интеллект үшін – 10%;

3) бейіндік бағыттағы магистрлік жобалар – кемінде 60%, соның ішінде жасанды интеллект үшін – 15%;

4) ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистрлік диссертациялар – кемінде 65%, соның ішінде жасанды интеллект үшін – 10%;

5) ғылыми басылымдарда жариялау үшін ұсынылатын ғылыми жұмыстар (оның ішінде монографиялар, ғылыми мақалалар) – кемінде 70%, соның ішінде жасанды интеллект үшін – 7%;

6) кафедраға алдын ала сараптама үшін ұсынылатын PhD докторлық диссертациялар – кемінде 85%; гуманитарлық мамандықтар үшін – кемінде 80%, соның ішінде жасанды интеллект үшін – 5%;

7) курстық жұмыстар (жобалар) – кемінде 55%; соның ішінде жасанды интеллект үшін – 15%;

8) конференция материалдарында жариялау үшін студенттік жұмыстардың университеттік, өңірлік конкурстарына ұсынылатын ғылыми жұмыстар – кемінде 55%; студенттік ғылыми жұмыстардың республикалық, халықаралық конкурстарына ұсынылатын ғылыми жұмыстар қойылатын талаптарға, конкурстар туралы ережелерге сәйкес келуі тиіс, ал олар болмаған кезде түпнұсқалық деңгейі (пайызы) кем дегенде 60%-ды құрауы керек. Осының ішінде тиісінше жасанды интеллект үшін – 10%» - деп бекіту ұсынылады.

Жасанды интеллекттің білім беру жүйесіне кеңінен енуі жоғары оқу орындарында оны тиімді әрі жауапты қолдануға бағытталған нақты ұсыныстар әзірлеуді талап етеді. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, жоғарыдағы ұсыныстармен қатар мынандай тұжырымдар жасалды.

Біріншіден, жоғары оқу орындарында жасанды интеллектті қолдануға қатысты бірыңғай институционалдық саясатты мемлекеттік деңгейде анықтап, қалыптастыру қажет. Бұл саясатта жасанды интеллектті оқу үдерісінде қолданудың рұқсат етілген және шектелетін формалары нақты айқындалуы тиіс. Атап айтқанда, жасанды интеллектті көмекші құрал ретінде пайдалану мен оны дербес ойлауды алмастыратын құрал ретінде қолданудың айырмашылығы анық көрсетілуі қажет.

Екіншіден, академиялық адалдық кодекстеріне жасанды интеллектке қатысты жоғарыда көрсетілгендей арнайы нормаларды енгізу маңызды. Мұнда студенттердің оқу және ғылыми жұмыстарды орындау барысында жасанды интеллектті қалай қолдана алатыны, авторлық жауапкершіліктің шекарасы және дереккөз ретінде жасанды интеллектті көрсету талаптары нақты белгіленуі тиіс. Бұл академиялық адалдықты сақтауға және бағалау әділдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, оқыту процесінде ойлауды дамытатын тапсырмалар үлесін арттыру ұсынылады. Яғни, тек нәтижеге емес, студенттің ойлау логикасына, талдау қабілетіне және дәйектілігіне негізделген бағалау жүйесін енгізу қажет. Мұндай тапсырмалар жасанды интеллектті дайын жауап көзі ретінде емес, ойлау үдерісін қолдайтын құрал ретінде қолдануға ынталандырады.

Төртіншіден, оқытушылар үшін жасанды интеллектті педагогикалық тұрғыдан тиімді қолдану бойынша біліктілікті арттыру бағдарламаларын ұйымдастыру маңызды. Оқытушы жасанды интеллекттің негізгі модераторы ретінде оны студенттердің танымдық дамуына бағыттап, бақылап отыруы тиіс. Бұл жасанды интеллект пен адам арасындағы тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді.

Бесіншіден, студенттер арасында жасанды интеллектті жауапты қолдану мәдениетін қалыптастыру қажет. Ол үшін академиялық этика, интеллектуалдық жауапкершілік және цифрлық сауаттылық мәселелеріне арналған семинарлар мен курстар енгізу ұсынылады. Мұндай шаралар студенттердің жасанды интеллектті саналы түрде пайдалануына ықпал етеді.

Осы ұсыныстарды жүзеге асыру жасанды интеллектті білім беру жүйесіне тиімді енгізуге, академиялық адалдықты сақтауға және студенттердің дербес әрі сыни ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік беретіндігіне сенеміз.

Қолданылған әдебиеттер:

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» 2025 жылғы 8 қыркүйек // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-daurindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlыk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957>

2 «Жасанды интеллект дегеніміз не және ол бизнеске не үшін қажет?» // https://blog.saiet.kz/kk/artificial_intelligence/

3 Каримулова Н.А. Жұмашева А.С. Қамит А.Қ. «Қазіргі білім беру жүйесіндегі жасанды интеллекттің рөлі» // <https://rep.knu.kz/bitstream/handle/data/21442/%d0%ba%d0%be%d0%bd-192-197.pdf?sequence=2&isAllowed=y>

4 Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті Академиялық саясаты. Оқу, ғылыми, дипломдық жұмыстарға, магистрлік және докторлық диссертацияларға плагиаттың болуы тұрғысынан тексеру жүргізу Регламенті // <https://e.buketov.edu.kz/kk/>

Федорова Д.И., Карагандинский университет Казпотребсоюза, Факультет финансов, логистики и цифровых технологий, Ф-23-2, студентка
(Научный руководитель – к.э.н., доцент Салимова Ж.Д.)

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ КРЕДИТОВАНИЯ СУБЪЕКТОВ МАЛОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА БАНКАМИ ВТОРОГО УРОВНЯ КАЗАХСТАНА

В Казахстане малый бизнес имеет стратегическое значение для экономики Казахстана, поскольку именно он способствует созданию рабочих мест, диверсификации производства и увеличению налоговых поступлений. Однако, одной из главных проблем, остаётся ограниченный доступ к финансовым ресурсам.